

ТАҚЫРЫБЫ:

**БЕЙНЕЛЕУ
ӨНЕРІ**

ЖОСПАР


**1.БЕЙНЕЛЕУ
ӨНЕРІ**

2.ТУРЛЕРІ

3.ЖАНРЛАРЫ



Бейнелеу өнері ([ағылш. Visual arts](#)) — дүниені көзбен көріп, түйсіну негізінде бейнелейтін пластикалық өнердің бір саласы. Бейнелеу өнеріне негізінен кескіндеме мүсін, графика жатады. Бейнелеу өнерінің белгілері [архитектура](#), безендіру және қолданбалы өнерде көрініс табуы мүмкін. Сондықтан шартты түрде оларды да Бейнелеу өнері қатарына жатқызады. Сондай-ақ, театр, кино, теледидардағы безендіруді, көркем дизайнды да Бейнелеу өнері ретінде таниды. Бұл өнердің де негізінде адам, табиғат және заттық әлемді тұтастықта, бірлікте қарастыру жатыр. Бейнелеу өнері дүниені байқау, бақылау, көру нәтижесінде оның көркем бейнесін жасайды. Әр ғасыр, дәуір, кезеңде пайда болған Бейнелеу өнерінің туындылары өзіндік бейнелеу жүйесі мен көркемдік үндесудің түрлі типтерін құрайды. Бұл өнер танымдық, құндылық және қарым-қатынастық қызметімен де ерекшеленеді. Уақыттық даму процесі басқа өнер түрлеріне (әдебиет, музыка, театр, кино) қарағанда Бейнелеу өнерінде шектеулі, ол негізінен кеңістіктік ауқымымен ерекшеленеді. Суретші өз көзімен көріп, түйсінген шындығын сол сәттегі қалпымен көрсетуге ұмтылады. Өмір құбылыстары типтік жағынан таңдап алынып, заманның тірлік-тынысы жан-жақты көркемдік қуатпен беріледі. Бейнелеу өнерінің көркемдеу құралдарына сурет, түрлі түс, пластика, жарық пен көлеңке, композиция, ырғақ жатады. [Шығармалар](#) заттық материалдан дайындалатындықтан оған пәндік, заттық болмыс тән.

A small bird with a grey head and back and a reddish-brown breast is perched on a brown branch. The branch is covered with vibrant pink cherry blossoms. The background is a soft, out-of-focus blue sky. The entire image is framed by a yellow border.

Бейнелеу өнері дегеніміз – айналамыздағы өмір көріністерін жазықтықта әрі кеңістікте бейнелеу арқылы суреттейтін өнер түрі.

Бейнелеу өнері сан ғасырлық даму тарихына байланысты бірнеше түрге бөлінеді. Олар: живопись, графика, мүсін, сәулет өнері және сәндік-қолданбалы өнер.

Живопись – қағаз, тақтай, картон, кенеп бетіне әртүрлі бояулармен орындалатын шығарма.

Графика – қағаз, картон бетіне қарындаш, қаламұш, көмір, тушь арқылы орындалатын сурет.

Мүсін — әртүрлі материалдармен (тас, ағаш, металл, сазбалшық, ермексаз) дөңгелек көлемді кеңістікке сомдалған көркем шығарма.

Сәулет өнері – үйлер, ғимараттар, көшелерді жобалау және оны жасау өнері.

Сәндік-қолданбалы өнер – халық тұрмысында кеңінен қолданылатын көп салалы өнер. Әрбір халықтың шығармашылығымен байланысты өнер. Бұл өнер түріне қазақтың ұлттық қолөнері жатады.

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ДЕГЕНІМІЗ – АЙНАЛАМЫЗДАҒЫ ӨМІР КӨРІНІСТЕРІН ЖАЗЫҚТЫҚТА ӘРІ КЕҢІСТІКТЕ БЕЙНЕЛЕУ АРҚЫЛЫ СУРЕТТЕЙТІН ӨНЕР ТҮРІ.

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ САН ҒАСЫРЛЫҚ ДАМУ ТАРИХЫНА БАЙЛАНЫСТЫ БІРНеше түрге бөлінеді. Олар: живопись, графика, мүсін, сәулет өнері және сәндік-қолданбалы өнер.


ЖИВОПИСЬ – ҚАҒАЗ, ТАҚТАЙ, КАРТОН, КЕНЕП БЕТІНЕ ӘРТҮРЛІ БОЯУЛАРМЕН ОРЫНДАЛАТЫН ШЫҒАРМА.

ГРАФИКА – ҚАҒАЗ, КАРТОН БЕТІНЕ ҚАРЫНДАШ, ҚАЛАМҰШ, КӨМІР, ТУШЬ АРҚЫЛЫ ОРЫНДАЛАТЫН СУРЕТ.

МҮСІН — ӘРТҮРЛІ МАТЕРИАЛДАРМЕН (ТАС, АҒАШ, МЕТАЛЛ, САЗБАЛШЫҚ, ЕРМЕКСАЗ) ДӨҢГЕЛЕК КӨЛЕМДІ КЕҢІСТІККЕ СОМДАЛҒАН КӨРКЕМ ШЫҒАРМА.

СӘУЛЕТ ӨНЕРІ – ҮЙЛЕР, ҒИМАРАТТАР, КӨШЕЛЕРДІ ЖОБАЛАУ ЖӘНЕ ОНЫ ЖАСАУ ӨНЕРІ.

СӘНДІК-ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕР – ХАЛЫҚ ТҰРМЫСЫНДА КЕҢІНЕН ҚОЛДАНЫЛАТЫН КӨП САЛАЛЫ ӨНЕР. ӘРБІР ХАЛЫҚТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ӨНЕР. БҰЛ ӨНЕР ТҮРІНЕ ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕРІ ЖАТАДЫ.



Натюрморт – жансыз заттар мен бұйымдарды үйлесімді етіп бейнеленген шығарма. «Натюрморт» — француз сөзі, аудармасы «өлі табиғат» дегенді білдіреді. Натюрморт алғаш рет 17 ғасырда Голландияда пайда болды.

Пейзаж – табиғат көріністері бейнеленген шығармалар. Пейзаж жанры әр алуан. Кейбір пейзаж шығармалары өмірде бар нақты көріністерді бейнелесе, кейбіреулері суретшінің ой-қиялынан туады.

Портрет – адамның бет пішіні бейнеленген көркем шығарма. Портрет жазушы суретшінің басты мақсаты – адамның сырт ажары ғана емес, ішкі жан дүниесін, рухани келбетін көрсете білу.

Тарихи жанр – белгілі бір оқиғалар мен тарихи кезеңдер бейнеленген көркем шығармалар.

Батальдық жанр – соғыс оқиғалары, Отан қорғау, жер қорғау көріністері бейнеленген көркем шығарма.

Маринистік жанр – теңіз, көл, мұхит сияқты табиғат көріністері бейнеленген шығармалар.

Анималистік жанр – жан-жануарларды бейнелеген көркем шығарма. Ол латынның «animal» (хайуанат) деген сөзінен шыққан.



**Назарларыңызға
рахмет!!!**